

Лицензиялық органның жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге арналған рұқсатын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 маусымдағы N 541

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 мамырдағы N 484 Р980484_ қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. "АБС Балхаш" Тау-кен-руда компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына " First International Compani-NGN" компаниясын "АБС Балхаш" Тау-кен-руда компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына Жезқазған облысының Тоқырауын ауданындағы Саяқ-ІҮ алтын-руда кен орнын игеруге

арналған 1995 жылғы 7 қыркүйектегі МГ сериялы N 149 лицензиямен берілген жер қойнауын пайдалану құқығын кепіл ретінде беруге рұқсат етілсін.

Бұл рұқсаттың күшінде болу мерзімі - алты ай.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі